

БЕКІТЕМІН:



«Нархоз Университетінің экономикалық
колледжі» мекемесінің

Абайдуллаев М.С.

қарошы

2025 жыл.

АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ТУРАЛЫ Е Р Е Ж Е

Алматы қаласы, 2025 жыл

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесінің Академиялық адалдық туралы ережесі (әрі қарай Ереже) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ЗРК Еңбек кодексіне, колледждің академиялық саясатына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына, колледждің басқада ішкі нормативтік актілеріне және білім беру мен еңбек қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер сәйкес әзірленді.

Бұл Ереже академиялық адалдықтың білім беру процесіндегі принциптерін, оқушылардың, оқытушылардың (педагогтар, өндірістік оқыту шеберлері) және колледж қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайды, сондай-ақ академиялық адалдықтың бұзылуының түрлері мен оларды бұзған жағдайда қолданылатын шараларды белгілейді. Академиялық адалдық - білім беру процесіндегі негізгі құндылықтардың бірі болып табылады және колледждің елдің дамуы үшін білікті жұмысшы кадрларды, орта буын мамандарын даярлау миссиясын жүзеге асыру үшін маңызды.

Ереженің мақсаты — студенттерде, оқытушыларда және колледж қызметкерлерінде адалдық принциптерін түсінуді қалыптастыру. Сонымен қатар, бұл Ереже білім беру процесінің барлық қатысушылары арасында ашық, сенімді және жауапты қарым-қатынастарды құруға бағытталған.

Академиялық оқу процесінің тұтастығы мен сапасы білім беру сапасына тікелей байланысты. Оқытушылар мен студенттердің адал еместігі оқу процесіне және оның нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін.

Бұл Ереже нормалары оқу процесінің барлық қатысушылары, яғни колледждің оқытушыларымен басқада қызметкерлері, оқушылары, сондай-ақ олардың заңды өкілдері тарапынан орындалуға міндетті.

II. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Жеке жауапкершілік, адалдық және білім беру процесіне құрмет көрсетуге бағытталған академиялық адалдықтың негізгі принциптері мыналар:

Сенімділік — студенттердің барлық оқу тапсырмаларын (бағаланатын, бағаланбайтын) әділетсіз әдістерді қолданбай адал, тәуелсіз және тәртіпті түрде орындауы.

Авторлық құқықты сақтау — авторлықты тану және интеллектуалдық меншікке құрметпен қарау, ақпарат көздерін дұрыс пайдалану, жазбаша және ауызша жұмыстарында басқа адамдардың ойлары мен идеяларына дұрыс сілтеме жасау.

Ашықтық — оқу процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, студенттер мен оқытушылар арасындағы өзара сенімділік пен ашық ақпарат және идея алмасуды дамыту.

Білім беру процесінің қатысушыларының құқықтары мен бостандықтарына құрмет — пікірлерді, идеяларды еркін білдіру құқығын тану, сондай-ақ этикалық және толерантты қарым-қатынас нормаларын сақтау.

Теңдік — барлық білім беру процесінің қатысушылары академиялық адалдық нормаларын сақтауға міндетті және ол талаптар бұзылған жағдайда лауазымына, мәртебесіне немесе білім деңгейіне қарамастан тең жауапкершілікте болады.

III. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Студенттердің құқықтары:

- академиялық адалдық, ашықтық және қолдау принциптеріне негізделген білім беру қызметтерін алу;
- осы Ереженің мәтінімен танысу;
- оқу процесінде өз пікірін еркін білдіру;
- академиялық адалдықты кәсіби құзыреттіліктерді әрі қарай дамыту, сондай-ақ интеллектуалды және шығармашылық әлеуетті арттыру үшін базалық платформа ретінде пайдалану;
- осы Ережені бұзуға қатысты негізсіз айыптаулардан қорғану және дәлелдер ұсыну.

Студенттердің міндеттері:

- академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілікті нақты түсіну;
- басқа тұлғалардың интеллектуалдық меншік құқықтарына құрметпен қарау және кез келген жазбаша және ауызша жұмыстарды орындағанда академиялық адалдықты сақтауға тырысу, ағымдағы, аралық және қорытынды бағалау кезінде академиялық адалдықты бұзбау;

- бағаланатын жұмыстарды жазу кезінде белгілі бір ойларды алған көздер мен шығармаларды көрсететін сілтемелерді пайдалану. Жұмыстың соңында барлық ақпарат көздері көрсетілген библиография болуы міндетті;
- сенімді және дереккөздеріне қол жетімді, дәл ақпарат көздерін пайдалану (оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, ғылыми мақалалар және т.б.);
- өздері орындап тапсырған бағаланатын жұмыстары өзінің жеке еңбегі болып табылатынын ескере отырып, оны басқа студенттерге бермеу;
- барлық тапсырмаларды өз бетінше орындау;
- дайын тест жауаптарын, жаттығулар мен тапсырмаларды, дайын жазбаша жұмыстарды (эссе, курстық жұмыстар, дипломдық жұмыстар/жобалар және т.б.) қолданбау;
- емтихандарда дайын жауаптарды, электрондық ақпарат пен байланыс құралдарын қолданбау;
- өздерінің дайын жауаптары мен жұмыстарын басқа студенттерге бермеу және оқу процесінің адалдығына және басқа студенттердің нәтижелеріне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу,

Оқытушылармен колледж қызметкерлерінің (атқаратын лауазымдық міндеттеріне сәйкес) құқықтары:

- студенттерден академиялық адалдық принциптеріне сәйкес орындалған жұмыстарды сұрау және алу;
- антиплагиат жүйелерін және академиялық адалдықты тексерудің басқа құралдарын пайдалану;
- студенттердің академиялық адалдықты бұзу фактілерін талқылаға бастамалық ету;
- академиялық адалдықты бұзу жағдайларын тергеу үшін тәртіптік комиссия жұмысына қатысу;
- студенттер мен әріптестер тарапынан академиялық принциптерді бұзу туралы дәлелсіз айыптаулардан қорғану;
- академиялық этика және тәртіптік жауапкершілік туралы колледждің ішкі нормативтік актілерімен танысу;
- академиялық адалдықты сақтау мәселелері бойынша әдістемелік және құқықтық қолдау алу;
- академиялық адалсыздықтың алдын алу шараларын ұсыну және академиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша білім беру бастамаларына қатысу.

Оқытушылармен колледж қызметкерлерінің міндеттері:

- өз қызметінде академиялық адалдық принциптерін енгізуге көмек көрсету;
- әдеп нормаларымен қабылданған озық стандарттарға негізделген интеллектуалдық және рухани білім беру үшін жағдай жасау;
- авторлық құқықты қорғау жөніндегі ұлттық заңнама мен халықаралық стандарттар нормаларын зерделеу;
- студенттер мен ата-аналар арасында академиялық адалдық саясатын түсіндіру бойынша ақпараттық жұмыс жүргізу;
- академиялық адалдықты бұзудың кез келген түріне «нөлдік төзімділік» таныту;
- академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы негізгі ережелерді түсіндіру бойынша іс-шараларға қатысу;
- кез келген ережені бұзу туралы колледж әкімшілігіне жазбаша түрде хабарлау.

Колледж әкімшілігінің міндеттері:

- колледж оқытушылармен қызметкерлерін және білім алушыларын осы Ережемен таныстыру;
- студенттер, оқытушылар мен колледждің басқа да қызметкерлері академиялық адалдық принциптерін бұзған жағдайда, осы Ережеге сәйкес шаралар қабылдау жұмысын үйлестіру;
- оқытушы құрамының, қызметкерлердің және студенттердің академиялық адалдықты сақтау бойынша негізгі ережелерді орындауын бақылау және мониторинг жүргізу;
- академиялық адалдықты және жақсы тәртіпті дамытудың негізі ретінде құқықтық білім, іскерлік және корпоративтік мәдениетті насихаттау үшін жағдай жасау;
- колледждің стратегиялық даму міндеттерін академиялық адалдық саясаты негізінде жүзеге асыру;
- оқу процесіне академиялық адалдықтың озық стандарттарын енгізу және оларды тиімді жүзеге асыру жолдарын қамтамасыз ету;
- оқытушылар үшін академиялық адалдық мәселелері бойынша тренингтер мен семинарлар өткізу.

IV. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚТЫ БҰЗУ ТҮРЛЕРІ МЕН НЫСАНДАРЫ

Осы Ережеде студенттер, оқытушылар мен колледж қызметкерлері тарапынан академиялық адалдықты бұзудың келесі түрлері көзделген:

Плагиат — басқа біреунің дайындаған мәтінін, идеяларын, ғылыми немесе шығармашылық жұмысын дереккөзін көрсетпестен, өзінікі ретінде қолдану немесе жұмыстың дербес орындалуына күмән тудыратындай көлемде немесе түде, сілтемелер жасалғанымен де, өзге материалдарды пайдалану.

Жалғандық (подлог) — басқа адамнан немесе ұйымнан алынған дайын жұмысты өз еңбегі ретінде ұсыну, өз жұмысын басқа адамға тапсырып, оны бағалауға жіберу үшін қолдануға рұқсат беру.

Ынтымақтастық арқылы бұзу (сговор) — басқа студент үшін бағаланатын жұмысты орындау, емтиханға студенттің орнына басқа адамның қатысуы.

Алдау (обман) — басқа студенттердің жұмыстарынан көшіру, бұрын бағаланған жұмысты қайта тапсыру, жұмысты орындамау немесе кешіктіру бойынша жалған себептер келтіру, жеке тапсырманы бірнеше адам бірігіп орындауы, басқа студенттерге көмек көрсету: көшіртуге рұқсат беру, шпаргалка беру, жауап айту және т.б.

Бағаларды және деректерді бұрмалау (фальсификация) — баға қою нәтижелерін қолдан жасау, деректерді бұрмалау, ойдан шығару, жалған дереккөздер көрсету, дәлсіз сілтемелер беру, сандық немесе басқа ақпаратты қолдан өзгерту, басқа студенттің жұмысын әдейі бұлдіру немесе өзгерту.

Бағаланатын жұмысқа жауаптарды әділетсіз жолмен алу — бағалау кезінде жауаптарды беру немесе алу, басқа студенттерден, оқытушылардан немесе қызметкерлерден тест сұрақтарын, емтихан тапсырмаларын алдын ала алу, дайын жұмыстарды (курстық, дипломдық және т.б.) сатып алу, сату немесе тапсыру.

Ақпаратты немесе құрылғыларды заңсыз пайдалану — бағаланатын жұмыстар кезінде электрондық, сандық, қағаз тасымалдаушыларды, техникалық құрылғыларды қолдану, электрондық пошта, компьютер немесе интернет арқылы жауаптарды жүктеу, оқытушының материалдарын кабинеттен шығару немесе көшіріп алу.

Пара беру, сыйлық жасау немесе қорқыту әрекеттері — студенттерге, оқытушыларға және қызметкерлерге бағалау нәтижесіне ықпал ету мақсатында кез келген түрде пара, сыйлық ұсынуға немесе қорқытуға тыйым салынады.

V. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ ПРИНЦИПТЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

1. Осы Ережені сақтамау нәтижесінде анықталған фактілер академиялық адалдықты бұзу ретінде қарастырылады.
2. Академиялық адалдықтың бұзылуы ағымдық немесе қорытынды бағалау кезінде анықталған жағдайда оқытушы осы Ереженің **1-қосымшасына** сәйкес акт толтырады, куратор қатысуымен оқытушымен оқушы арасында әңгіме жүргізеді. Акт растайтын материалдар мен жұмыстың көшірмелерімен бірге колледждің Әдеп және тәртіп жөніндегі Кеңесіне қарау үшін тапсырылуы тиіс.
3. Академиялық адалдық талаптарын бұзған студенттерге келесі тәртіптік жаза шаралары қолданылады:
 - ауызша немесе жазбаша ескерту;
 - сөгіс;
 - жұмысты жою (аннулирование);
 - жазғы семестрге қалдыру;
 - колледжден шығару.
4. Колледждің қызметкерлері мен оқытушылары осы Ережені бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына және колледждің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады.
5. Академиялық адалдықты бұзудың барлық жағдайлары колледждің Әдеп және тәртіп жөніндегі Кеңесімен қаралады.

VI. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ

1. Академиялық адалдықты бұзудың алдын алу — білім беру процесінің маңызды бөлігі. Бұл студенттер, оқытушылар мен қызметкерлер арасында адал еместік мінез-құлықты алдын-алу мақсатын көздейді.
2. Колледжде академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру үшін мынадай шаралар іске асырылады:
 - колледжге түсу кезінде студенттерге академиялық адалдық принциптері туралы кіріспе нұсқау өткізу;
 - студенттер мен қызметкерлерді осы Ережемен колледждің ресми сайты, ақпарат тақталары және электрондық жүйелер арқылы таныстыру;

- академиялық адалдық тақырыбын оқу пәндеріне, куратор сағаттарына және сыныптан тыс іс-шараларға енгізу;
- студенттердің оқуға адал көзқарасын қалыптастыру бойынша оқытушыларға арналған әдістемелік ұсынымд әзірлеу;
- студенттердің жазбаша жұмыстарын тексеруде антиплагиат жүйелерін қолдану;
- студенттерге дербес және адал жұмыс жасауға жағдай жасау: тапсырмалардың айқын болуы, орынды мерзімдер, бағалау критерийлерінің ашықтығы;
- оқу жетістіктерін бағалау процесінің ашық және әділ болуын қамтамасыз ету;
- академиялық әдептілікті қалыптастыруда студенттік өзін-өзі басқаруды қатыстыру (комиссиялар, акциялар, пікірталастар және т.б.).

3. Колледж әкімшілігі, педагогикалық кеңес, әдістемелік қызмет, оқу топтарының кураторлары, психологтар профилактикалық шараларды жүзеге асыруға жауапты.

4. Колледж академиялық мәдениетті қалыптастыруға белсенді қатысатын студенттер мен оқытушыларды алғыс хаттар, сертификаттар, конкурстар, форумдар және басқа бастамалар арқылы марапаттайды.

VII. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ереже колледждің ішкі нормативтік актісі болып табылады және білім беру процесінің барлық қатысушыларына міндетті.
2. Ереже колледж директорының бұйрығымен бекітілген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және өзгерістер енгізілгенге немесе күшін жойғанға дейін әрекет етеді.
3. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар педагогикалық кеңес, ғылыми-әдістемелік кеңес немесе колледж әкімшілігінің ұсынысы бойынша енгізіледі және Қазақстан Республикасының заңнамасына және колледждің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес бекітіледі.

**«Нархоз Университетінің экономикалық колледжі» мекемесінің
академиялық адалдық ережелерін бұзғандығы туралы**

А К Т

Оқу пәні: _____

Оқу әрекетінің түрі: _____

_____ (көрсету: бақылау жұмысы, тестілеу, емтихан, курстық жұмыс және т.б.)

Оқытушының аты-жөні: _____

Студенттің аты-жөні: _____

Курс: _____ Топ: _____ № _____

Академиялық адалдықты бұзу күні: «_____» _____ 20 _____ ж.

Уақыты: _____ сағ. _____ мин.

Аудитория (кабинет): № _____

Академиялық адалдықты бұзу сипаттамасы:

Актімен таныстым:

Студент:

(қолы) _____

Аты-жөні

«__» _____ 20__ ж.

Топ кураторы:

(қолы) _____

Аты-жөні:

«__» _____ 20__ ж.

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ :

Бас директордың бірінші орынбасары:



Оспанкулов Е.Е.

Бас директордың оқу-методикалық
жұмыстары жөніндегі орынбасары:



Жакупова З.М.

Бас директордың оқу жұмыстары
жөніндегі орынбасары:




Мамедова О.И.

Бас директордың ақпараттық
технологиялар бойынша орынбасары:



Мухсина К.Ж.

Бас директордың құқықтық мәселелер
жөніндегі кеңесшісі:



Зульярова З.Б.